

М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан  
Мемлекеттік Медициналық Университеті

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК  
ЖҰМЫСЫ

Факультет: Жалпы медицина

Кафедра: Әскери

Дисциплина: Тірщілік әрекетінің қауіпсіздік негіздері

Тақырыбы: Өндірістегі төтенше жағдайлар адамның ағзасына  
ультрадыбыстың, инфрадыбыстың, шудың және вибрацияның  
әсері.

Тобы: 208

Орындаған: Амантурлы С.Е

Тексерген: \_\_\_\_\_

Ақтөбе 2016 ж.

## Жоспары:

### *I.Кіріспе*

*Өндірістік шуга түсінік, жіктелісі. Шудың  
биологиялық әсері.*

### *II.Негізгі бөлім:*

*Шудың жағымсыз әсерінің алдын алу;  
Шудың нормалары және өлиеу құралдары.  
«Шулы» технологиялық процесстерді  
төмендемету және шу көздерін төмендеметудегі  
қазіргі кездегі енгізулері.*

### *III.Корытынды*

*IV.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.*

*Шу-адамға зиянды әсер ететін, уақыт сайын ретсіз өзгеріп отыратын, жиілігі мен қарқыны әртүрлі дыбыстардың жиынтығы.*

*Өндірістік шу-адамға жағымсыз әсер ететін кез келген дыбыс немесе сондай дыбыстардың үйлесімділігі. Дыбыс өз кезеңінде серпімді ортага толқын тәрізді тарапатын, сол орта бөлшектерінің қоюлатылатын және сиретілетін ауыспалы толқындары-дыбыстық толқындар түріндегі мербелуши үдеріс. Адамның дыбысты қабылдауы оның жиілігіне, екпініне және қызымына байланысты.*



*Дыбыстың қысымы деп оның атмосфералық қысымнан жоғары айырмашылығын айтамыз. Дыбыстың қысымы **Паскальмен** (Па) өлшенеді.*

*Дыбыстың екпіні деп дыбыс толқыны арқылы белгілі бір ауданнан белгілі бір уақытта өткен энергияны айтамыз. Ол **Вт/м<sup>2</sup>-пен** өлшенеді.*

*Дыбыстың жиілігі дегеніміз- оның бір секундтагы толқуының саны. Дыбыс толқындарының тербеліс жиілігі **герцпен** өлшенеді (1Гц-секундына 1 тербеліс).*

## Шулардың жіктелісі:

Тербеліс жиілігі көп болса-дыбыста жоғары (қатты). Адам құлағы 16-дан-20 000 Гү аралығындағы дыбыс толқындарын қабылдай алады

20 000 Гү-тен жоғары  
тербелістер-  
ультрадыбыс



16 Гү-тен төмені-  
инфрадыбыс






## Шу мен дірілдің әсерін азайту шаралары:

- техникалық
- жобалық-архитектуралық
- үйымдастыруышы
- медициналық алдын алу

- Шу апушандықты жоғарылатады, шығармашылық әрекетті, еңбек өнімділігін және халықтың тынығу тиімділігін төмендетеді. Бұтінгі күнгі зерттеулер бойынша, шудың жоғарғы қысымы жүрек, қантамыры, асқазан, жүйке жүйе-сі ауруларын қоздырады.
- Тербелмелі қозғалыс көздерінің дыбыстық энергиясы қоршаган ортаға үзіліссіз түсуі мүмкін, мысалы, тоқыма станок жұмысы кезінде немесе оқтын-оқтын импульстер түрінде, пневматикалық аспапты қолданған жағдайда орын алады. Осыған байланысты шудың тұрақты және импульстік түрлерін ажыратады. Ағза үшін импульстік шу қауіпті.





*Шу тұрғын үйлерде сырттан кіретін шудан және ішкі шудан, санитарлық - техникалық, инженерлік - технологиялық құралдарда, тұрмыс құралдарында, музикалық аспаптарда ойнаганда, адамдардың жылжусынан және жиһазды жылжытудан, әңгімелескенде, балалардың айқайларынан құрадады.*

*Қаладағы шу "симфониясы" көптеген факторлардан тұзіледі : темір жолдардың гурсілінен және ұшақтардың гүлінен , құрылымыс техникасының гүрілінен, зауыт цехтарының шуынан және тіпті тұрмыстық құралдарының шуынан - бір сөзben айтқанда адамды қоршайтын барлық заттан тарайды.*

*Шудың ең қуатты аккордтары автокөлік қозғалысының дыбысы, оған жалпы фонда шудың 80% береді.*



Тербелмелі қозғалыс көздерінің дыбыстық энергиясы қоршаған ортаға үзіліссіз тұсуі мүмкін, мысалы , тоқыма станок жұмысы кезінде немесе оқтын-оқтын импульстер түрінде, пневматикалық аспапты қолданған жағдайда орын алады. Осылан байланысты шудың тұрақты және импульстік түрлерін ажыратады. Ағза үшін импульстік шу қауіпті. Шудың адам ағзасына тигізетін әсері өзге өндірістік факторлармен үйлеседі: қанағатсыз микроклимат, улы заттар, ультродыбыстар, әсіресе, вибрациямен үйлесіп отырып шудың зиянды әсері: есту қабілетінің нашарлауына, жүйке жүйесіне, жүрек тамыр жүйесіне және т.б. жүйелерге кері әсер етеді.Бұл еңбек өнімділігінің төмендеуіне, өндірістік ақауларға алып келеді.



## ШУДЫ ӨЛШЕУГЕ АРНАЛГАН НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘРТІБІ:

### «1М – ШУМ» құралы. Куралмен жұмыс істей тәртібі:

Жұмыс алдында құралға «Крона ВЦ» түріндегі 2 батареяны салып, «Быстро-Медленно» қосқышын «Быстро» күйіне, «Род работы» қосқышын «батарея» күйіне келтіреді. Құралдың тілі «дБ» шкаласының қара сектордағы «Бат» күйінде болу керек. Егер тілі қара сектордың сол жағында болса, онда жаңа батарея салу керек. Сонан соң өлшегінде «Род работы» қосқышын «калибр» күйіне қойып және «калибр» тұтқасын айналдыра отырып өлшегіш аспап тілін «дБ»-ның төмен шкаласындағы «0»-г келтіреі. Дыбыс деңгейін дБА-мен өлшеу кзінде «Род работы» қосқышын «A» күйіне қойған жөн. Дыбыс қысымының деңгейін анализдейтін мүмкіндігі жоқ құралдармен өлшегендеге «B» немес «C» сипаттамалары қолданылады, ИШВ-1 құралы. Дыбыс қысымын, дыбыс деңгейін, сонымен қатар діріл параметрлерін өлшеуге арналған. Құрал тасымалды, қоректену «Марс» типті 8 элементтен, немесе 220 Вт электр көзінен.

## Дыбысты тұмшаулау (изоляция):

*Технология талаптарына сай шұлы жабдықтарды қаптамаларға орнату мүмкіндігі болмagan, немесе жұмысшылар жұмыс уақытының көбінде басқару постарында болатын жағдайларда, қаптамалардың дыбыс тұмшалайтын құрылымдарды мен бақылау кабиналарын дұрыс таңдал орналастыру, жұмысшыларды іс жүзінде кез-келген шудан қажетті деңгейде қорғауга мүмкіндік береді.*

*Дыбыстың кедергілер арқылы өту механизмі, дыбыс толқынының кедергілерге соқтығыса отырып, оларды, жиілігі толқын құрамындағы ауа бөлшектерінің тербеліс жиілігіне тең келетін, тербеліске әкелетінімен түсіндіріледі. Нәтижесінде, кедергі құрылымының өзі дыбыс көзіне айналып, дыбысты қоршаған ортага таратады. Бірақ одан шығатын дыбыс қуаттылғы шу көзінен таралатын дыбыс қуаттылғына қарапанда 100 және одан да көп есе төмен болады.*

*Шу, тұмшаланған бөлмеге тек шудан бөліп тұрган қабыргалар арқылы ғана емес, сонымен бірге басқа да жанама жолдармен (құбыр жолдары, тесіктер, шелдер, саңылаулар және т.б. арқылы) енеді.*

*Шуды өкізуідің жанама жолдары бар болған кезде, дыбысты қоршаған кедергілермен тұмшалау шуды кедергіермен нақтылы (фатич.) тұмшалау немесе дыбысты кедергілернен жай тұмшалау деп аталады.*

## **ШУДЫ БІР ҚАБАТТЫ ҚОРШАҒАН КЕДЕРГІЛЕРМЕН ТҰМШАЛАУ:**

*Бір қабатты кедергі құрылым дегеніміз, бір-бірімен тығыз байланысқан, бірнеше қабаттан тұратын, біртектес құрылымдар. Томенгі жиіліктердегі дыбыстарды (бірнеше ондаған Герц) қоршағыш кедергілермен тұмшалау тиімділігі онда болатын резонансты құбылыстармен, кедергілердің қаттылығымен, салмағы және материалдағы ішкі үйкелістермен анықталады.*

*Саңылаулар мен тесіктер құрылымар көмегімен дыбысты тұмшалау тиімділігін едәуір төмендетеді. Кіші саңылаулы мен тесіктері бар кедергілер арқылы дыбыстың өту ерекшелігі, ол кейбір жағдайларда осындаі кедергілерге дыбыстың диффузиялық согылуы сәтінде, бұндай кедергілерден оның бетінің ауданына сәйкес келмейтін мол энергияның берілуінде. Бұлай энергияның мол берілуі саңылаулар мен тесіктердегі ауа көлемінің резонансты тербелістері мен дыбыс дифракциясына байланысты.*



## ШУДЫ ТЕРЕЗЕ, ЕСІКТЕР КӨМЕГІМЕН ТҮМШАЛАУ:

Терезе, есқтр арқылы дыбысты түмшалау шараларының тиімділігі, олардың тығыз болмауына жабылмауына, саңылауларына және т.б. себептерге байланысты, дыбысты қабырғаның тұтас бөлігімен түмшалауға қарағанда едәуір төмен болады.

Егер, есікті қорапқа тығыздалып жабылатында қылышп тығыз материалдармен түмшаласа, есік пен еденнің арасындағы саңылауды басқа

да шелдерді жойса, есік арқылы дыбысты түмшалау 5-6dB жоғарылайды. Қабырғалары дыбыс сөндіртін материалдармен қапталған, тамбурлы қос есіктерді қоданумен дыбысты түмшалауда біраз жетістіктерге қол жеткізуг болады.

## ДЫБЫСТЫ ТҮМШАЛАУ ҚАПТАМАЛАРЫ (КОЖУХИ):

Қаптамалар негізінен жабдықтардан шығатын шуды төмендетудің негұрлым тиімді жолы болып табылады: олар шуды шығу көзінде тікелей төмендетуге мүмкіндік береді.

Қаптамалар алынбалы, немесе құрастырмалы болуы мүмкін. Олардың бақылау терезелері, коммуникация енгізетін технологиялық тесіктері және қаптамадан қызған ауаны шығаратын желдеткіш саңылаулары болады. Қаптамалардың көлемі, оның ішкі беті мен жабдық арасындағы қашықтық барынша алшақ боатындағы етіп таңдалады. Өйткені, мысалы сол қашықтықты екі есеге үлкейтсе қаптаманың акустикалық тиімділігі 6 дБ-ге жоғарылайды. Қаптамалардың қалыңдығы 1-ден 4мм-ге дейін болатын құрышты парактарда және қалыңдығы 1-6 мм болатын дюралюминиден дайындаіды. Тым қалың материалдарды қолдану қолайсыз.

Қаптамалардың ішкі беттерін қалыңдығы 50 мм-ден аз болмайтын дыбыс (жұтатын) сіндіретін материалдармен қаптаған жөн. Сіндіргіш материалдар болмаған жағдайда қаптаманың ішіндеі дыбыс қысымының деңгейі едөүір жоғарылап, қаптаманың акустикалық тиімділігі, өсіреке жоғары жиілікте төмендей түседі.

Түйіскен жерлерден тығыздау үшін профилденген резенкеден (ТУ 38-005-204-71) жасалған арнайы тығындар қоланылады.

Қаптама элементтің мен түмшаланатын жабдық, немесе оның тұғыры арасында қатты байланыстарды болдырмай үшін, қалыңдығы 15-20 мм маркасы 3311 (ГОСТ 7338-70) резенкелерден жасалған жиырылыштығындар қолданылады. Қаптамалар тегістелген негізге орнатылады. Коммуникация өтетін тесіктер резенкден жасалған сальниктермен тығыздау қажет, немесе, егер дыбыс сіңіретін материалмен екі жағынанда қапталған болса саңылау ені 20-4 мм, ал егер бір жағынан ғана қапталса ені 10-20 мм, ұзындықтары 0,5-1,0 м болатын саңылаулы дыбыс бәсендектіштермен жабдықталу қажет.



**Инфрадыбыс және шу әсері жағдайында жеке қорғаныс заттарын пайдалану ұсынылады.** Төмен жиілікті шу және инфрадыбыс әсері кезінде жеке қорғаныс заттарын таңдау, олардың спектрлік есепке алып жүргізіледі. Қорғаныстың тиімділігін жоғарлату үшін шудан қорғайтын жеке қорғаныс заттарының бірнеше түрлерін біріктіріп пайдалану ұсынылады, мысалы, шуга қарсы құлаққап, қыстырыма, сонымен қатар, іиқі аззалардың тербелісін азайтатын арнайы белдіктер.

# Корытынды

**Корытындылай келсек**, көптеген зерттеушілердің айтулары бойынша шу, дірілдің тербелістері вестибуляры анализаторларға әсер етеді. Тексерілген адамдарда бас айналу және тепе тендіктің бұзылулары анықталған.

Шудың әсері кезіндегі жүрек тамыр жүйесі жағындағы өзгерістерге жүректің жиырыду жиіліктерінің бұзылыстары, көбінесе брадикардаия, диастолалық қысымның жоғарлауы жатады.

Осыланысты шу жалпы биологиялық тітіркендіргіш болып табылады. Сенсорлы жүйенің вестибуляры, жүйке және жүрек тамыр жүйесі шуларға өте сезімтал болып табылады.

**Емі:** симптомды шаралар жүргізіледі.

**Алдын алу:** жұмыс орындарындағы шулар деңгейі гигиеналық тиалаптарға сәйкес болу керек. Міндетті тұрде жеке бас қорғаныс заттарын қолдану кеерк. Терапевт, невропатолог, оториноларинголог дәрігерлерінің қатысуымен 24 айда бір рет кезеңді тұрде медициналық қараудан өту керек. Жұмысқа қабылдаған кездегі медициналық қарсы көрсеткіштеріне жатады: құлақтың сүлелі аурулары, вестибуляры аппаратын қызметінің бұзылыстары, наркомания, токсикомания, гипертониялық аурулар



## Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Гигиена труда. Оқулық. Н. Ф. Измеров, В. Ф. Кириллов М."ГЭОТАР", 2008 ж.
- 2) Алексеев С.В., Усенко В.Р., Гигиена труда. Оқулық. Медицина 1998.
- 3) Руководство по гигиене труда. Том I, II. Н. Ф. Измеров Москва – 1987ж.
- 4) Руководство по профессиональным болезням. Н. Ф. Измеров М. – Медицина 1996ж.
- 5) Российская энциклопедия по медицине труда. Н. Ф. Измеров М. - Медицина 2001ж.
- 6) Измеров Н.Ф., Каснаров А.А. Медицина труда. Введение в специальность М - "ГЭОТАР", 2002ж., 390 бет.

## Презентацияны бағалау критерилері (бағалау парағы)

№	Орындау критерии	0-0,1	0,2-0,3	0,4-0,5
1	Презентацияны рәсімдеу			
2	Презентацияның 4 компоненті			
3	СӨЖ тақырыбына мақсаттың адекваттылығы			
4	Мазмұны			
5	Қортынды/ұсыныстар			
6	Әдебиеттер			
7	Материалды игеруі және регламентті сақтау			
8	СӨЖ кестесіне сай тапсырылу дер кезінде тапсырылуы			
	КОРТЫНДЫ			

**0-0,1      критерий орындалмаған**

**0,2-0,3    критерий ескертулермен орындалған**

**0,4-0,5    критерий орындалған**